"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2669
17.05.2018 ж.

«KAZ.INVEST-LAB» ЖК-нің
директоры
А.П.Турабековаға

Сіздің 02.05.2018 жылғы №15-02 өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылау бойынша «Шымкент қаласының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесімен 2018 жылдың 13 наурызында веб-порталға жарияланған *№2419107-1 «Шырайлы Шымкент 2018» туристік көрмесін ұйымдастыру және өткізу қызметі»* хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Заңның 9 бабы 4 тармағына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген.

Сонымен қатар, Қағиданың 2-қосымшасы техникалық ерекшелікте қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын қызметтердің толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы беріледі делінген.

Веб-порталдағы конкурстық құжаттамаға осы конкурста сатып алуға қажетті қызметті атқару үшін техникалық ерекшелігі тіркелген. Осы техникалық ерекшелікте басқа талаптармен қатар *«Полиграфиялық өнімдермен қамтамасыз ету: дипломдар- 15 бірлік, рамкалы сертификаттар – 100 бірлік, бэйджиктер – 100 бірлік, буклеттер – 100 бірлік, брошюралар – 100 бірлік. Әлеуетті өнім*

беруші ***<u>жоғарыда көрсетілген өнімдердің жобалық эскиздерін</u>*** *конкурстық құжаттамаға қоса тіркеуі тиіс»* деген талап қойылған.

Конурстық комиссия Сіздің, конкурстық өтініміңізді *«представление потенциальным поставщиком технической спецификации не соответствующей требованиям конкурсной документации: не <u>представлены **проекты эскизов** печатной и полиграфической продукции»</u>* деген себептермен конкурстан шеттеткен.

Камералдық бақылау барысында Сіздің, конкурстық өтініміңізде жоғарыда талап етілген **<u>полиграфиялық өнімдердің жобалық эскиздерін</u>** ұсынбағандығыңыз анықталды.

Осыған сай, «KAZ.INVEST-LAB» ЖШС-нің конкурстық өтінімі біліктілік талаптарына сай келмейтіндігі анықталып өтінішіңізде көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелдерін таппады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Департамент
басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген А. Муратов

Орын. Умирбеков У.
Тел: 35-06-06